

## **«Щучинск қ. №10 мектеп-интернатының» 2024 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыстары туралы жария талқылау үшін есеп**

«Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ мемлекеттік қызметтер Реестріне сәйкес 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2024 жылдың қорытындылары бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 216 құрайды, оның ішінде:

«Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- 1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және тіркеу -86;
- 2) Ведомстволық бағыныштылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және тіркеу -53;
- 3) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт денсаулығына байланысты бара алмайтын балаларды үйде жеке ақысыз оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау– 0;
- 4) Білім беретін мемлекеттік мекемелердің білім алушы және тәрбиеленушілердің жекелеген санаттағыларына қала сыртындағы және мектеп жаныдағы лагерьлерде демалуға құжаттар қабылдау және жолдама беру - 0;
- 5) Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың көшірмесін беру–3;
- 6) Жалпы білім беру орындары арасында балаларды ауыстыруға құжаттарды қабылдау - 16.
- 7)«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсету» - 58.

Халықты ақпараттандыру мақсатында «Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ сайтының «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне білім саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттары, мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы және берілген қызметтерді көрсету бойынша нұсқаулықтар салынған. Бұдан басқа, халыққа қолжетімді болу үшін және ақпараттандыру мақсатында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрнекі ақпараты бар стенд орнатылды (стандарттар, өтініш үлгілері және т.б.) «Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ интернет-ресурстарында «мемлекеттік қызметтер» бөлімі жұмыс істейді, онда стандарттар, регламенттер, шағымдану тәртібі, байланысу ақпараттары.

Ай сайын «Бурабай ауданының білім бөлімі» ММ-не 6 мемлекеттік қызметті көрсету бойынша ішкі мониторингтің жұмысы туралы есеп ұсынылады. Мемлекеттік қызметтер ұсыну мерзімдерін бұзушылық жоқ.


«Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ-нде мемлекеттік қызметті көрсету стандарттары және оларды көрсету тәртібі туралы мәлімет бар стенд безендірілген.

Жауапты тұлғалар Хасенова А.У., Кызырова К.М., Кулаганова Г.К., Мурзабулатова С.Т., 2024 жылы «Білім беру саласында сапалы мемлекеттік қызметтерді көрсету» тақырыбында біліктілігін көтеруден өтті.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасына қызмет алушылардың қанағаттануын және әрі қарай тиімділігін арттыру мақсатында «Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ 2022 жылға мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын арттыру бойынша іс-шаралар Жоспары және «Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ 2024 жылға мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы тұтынушыларға таныстыру және ақпараттандыру бойынша Медиа-жоспары бекітілді. «Щучинск қ. №10 мектеп-интернаты» КММ-нде сапалы және қолжетімді мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінің күн сайынғы мониторингі жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша шағым түскен жоқ.

2024 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік қызмет тұтынушыларынан шағым түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын қадағалау.



**Мектеп директоры**

**Хасенова А.У.**

Орынд.: Кызырова К.М.  
Тел.: 2-21-36